

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

БҰЙРЫҚ

2021 жылғы 09 сәуірдегі

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 127

город Алматы

Шағын және орта бизнес субъектілерінің қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібін бекіту туралы

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, олардың қаржылық жағдайының нашарлауына жол бермеу және банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларын болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Шағын және орта бизнес субъектілерінің қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және пруденциялық реттеу департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға жіберсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахмановқа жүктелсін.

Төраға

М. Әбілқасымова

Шағын және орта бизнес субъектілерінің қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі

1. Осы Шағын және орта бизнес субъектілерінің қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру тәртібі (бұдан әрі – Тәртіп) Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың экономиканың зардап шеккен секторларындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне берілген кредиттер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру жөніндегі 2021 жылғы 1 сәуірдегі тапсырмасына сәйкес әзірленді.

2. Тәртіп екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға (бұдан әрі – кредиттік ұйым) қатысты қолданылады.

3. Кредиттік ұйымдар кәсіпкерлік мақсаттарға берілген банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша:

1) субъект қызметін Тәртіпке қосымшаға сәйкес экономика салаларында жүзеге асырған жағдайда – микро және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің, оның ішінде дара кәсіпкерлердің;

2) шектеулі карантиндік шаралардың қолданылуы салдарынан кредиттік ұйым жүзеге асыратын қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалаумен расталған қаржылық жағдайы нашарлаған жағдайда – орта кәсіпкерлік субъектілерінің, оның ішінде дара кәсіпкерлердің төлемдерін кейінге қалдырады (бұдан әрі – төлемді кейінге қалдыру). Қарыз алушының қаржылық жағдайын бағалау қарыз алушының нақты кірістерін және енгізілген шектеулі карантиндік шаралардың қарыз алушының кәсіпкерлік қызметіне, оның ішінде қарыз алушының тауарларына, жұмыстарына және (немесе) көрсетілетін қызметтеріне тұтынушылық сұраныстың төмендеуіне, тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді жеткізу тізбегінің бұзылуына, тауарлардың, жұмыстардың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу мерзімдерінің бұзылуына әсерін талдауды көздейді.

4. Тәртіп кредиттік ұйымдар микро, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне, оның ішінде дара кәсіпкерлерге (бұдан әрі – қарыз алушылар) 2021 жылғы 1 сәуірге дейін кәсіпкерлік мақсаттарға берген банктік қарыздар мен микрокредиттерге қолданылады.

5. Егер кредиттік ұйымның ішкі тәртібінде өтініштің үлгілік нысаны көзделмесе, кредиттік ұйым төлемдерді кейінге қалдыру туралы шешімді қарыз

алушының еркін нысанда жасалған, кредиттік ұйымға 2021 жылғы 1 сәуірден бастап 30 маусымға дейінгі кезеңде кез келген уақытта берген өтініші (бұдан әрі – өтініш) негізінде қабылдайды.

Өтінішті қарыз алушы кредиттік ұйымға электрондық поштаның, «банк-клиент» онлайн-жүйесінің, интернет-ресурстың, мобильдік қосымшаның немесе басқа да байланыс құралдарының көмегімен береді.

Орта кәсіпкерлік субъектілері өтінішке қосымша қаржылық жағдайының нашарлауын растайтын құжаттарды қоса береді.

6. Кредиттік ұйым өтінішті алған күнінен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күннен аспайтын мерзімде қарайды.

7. Егер қарыз алушының өтінішінде және кредиттік ұйымның шешімінде өзге мерзім көрсетілмесе, кредиттік ұйым қарыз алушының таңдауы бойынша 30 күннен 90 күнге дейін төлеу мерзімін кейінге қалдырады.

8. Кредиттік ұйымда қарыз алушының қаржылық жағдайының нашарламағаны туралы ақпарат болған кезде кредиттік ұйым төлемді кейінге қалдырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

9. Егер банктік қарыз және (немесе) микрокредит шартында төлемдердің өзге кестесі көзделмесе не қарыз алушының өтінішінде өзге кесте көрсетілмесе, бұрын кейінге қалдырылған төлемдерді қарыз мерзімінің соңына дейін тең бөлу не қарыз мерзімін кейінге қалдырылған төлем кезеңіне ұлғайту түрінде жаңа төлемдер кестесін белгілеу арқылы төлем банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттарына және (немесе) субсидиялау және (немесе) кепілдік беру шарттарына қосымша келісімдерге қол қоймастан кейінге қалдырылады.

Кепіл шарттарына өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды енгізу банктік қарыз және (немесе) микрокредит шартының және (немесе) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

10. Қарыз алушы банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша төлем кейінге қалдырылғанға дейін төлеген төлемдер қайтарылмайды.

11. Төлемді Тәртіпте көрсетілген талаптармен кейінге қалдыру қарыз алушының кредит тарихының нашарлауы және кредиттік бюроға қарыз алушы туралы жағымсыз ақпарат беру үшін негіз болып табылмайды.

12. Кредиттік ұйымдардың өтінішті қарағаны және банктік қарыз, микрокредит және (немесе) кепіл шарттарын және өзге де байланысты шарттарды өзгерткені үшін қарыз алушылардан комиссиялар мен өзге де төлемдер алуына тыйым салынады.

13. Төлем кейінге қалдырылған кезеңде кредиттік ұйым осы қарыз алушы бойынша шағым-талап жұмысын және қарыз алушыға мерзімі өткен берешекті өтеу қажеттілігі туралы хабарлауды тоқтатады.

14. Кредиттік ұйым интернет-ресурсының басты парағында және мобильдік қосымшасында (болған кезде):

1) кредиттік ұйымның төлемді кейінге қалдыра алатындығы туралы ақпараттың;

2) қарыз алушылардың қосымша ақпарат алуы үшін телефон нөмірлерінің болуын қамтамасыз етеді.

Шағын және орта бизнес
субъектілерінің қарыздары
бойынша төлемдерді кейінге
қалдыру тәртібіне
қосымша

Экономика салалары

Коды	Атауы
C	Өңдеуші өнеркәсіп
10	Азық-түлік өнімдерін өндіру
10.1	Етті қайта өңдеу және консервілеу және ет өнімдерін өндіру
10.2	Балықты, шаян тәрізділер мен моллюскаларды өңдеу және консервілеу
10.3	Жемістер мен көкөністерді өңдеу және консервілеу
10.4	Өсімдік және жануар майлары мен майларды өндіру
10.5	Сүт өнімдерін өндіру
10.6	Ұн және жарма өнімдерін, крахмал мен крахмал өнімдерін өндіру
10.7	Нан-тоқаш, макарон және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер өндірісі
10.8	Басқа тамақ өнімдерін өндіру
10.9	Жануарларға дайын жем өндірісі
11	Сусындар өндірісі
11.0	Сусындар өндірісі
13	Текстиль өнімдерін өндіру
13.1	Тоқыма талшықтарын дайындау және иіру
13.2	Тоқыма өндірісі
13.3	Маталар мен тоқыма бұйымдарын әрлеу
13.9	Басқа тоқыма бұйымдарының өндірісі
14	Киім өндірісі
14.1	Жүннен жасалған киімді қоспағанда, киім өндіру
14.2	Жүннен жасалған бұйымдар өндірісі
14.3	Тоқылған және тоқыма киім өндірісі
15	Былғары және оған жататын өнімдерді бөндіру
15.1	Былғары илеу, өңдеу; жол жүру бұйымдарын өндіру, әбзелдер жасау; жүнді өңдеу және бояу
15.2	Аяқ киім өндірісі
16	Жиһазды қоспағанда, ағаш және тығын бұйымдарын өндіру; сабаннан және өруге арналған материалдардан жасалған бұйымдар
16.1	Ағаш кесу және жону өндірісі
16.2	Ағаштан жасалған бұйымдар, тығын, сабан және тоқуға арналған материалдар
17	Қағаз және қағаздан жасалған бұйымдар өндірісі
17.1	Ағаш массасы мен целлюлоза, қағаз бен картон өндіру
17.2	Қағаз және картоннан жасалған бұйымдар өндірісі

Коды	Атауы
18	Полиграфия қызметі және жазылған ақпарат тасымалдағыштарды ойнату
18.1	Полиграфия қызметі және осы саладағы қызметтерді ұсыну
18.2	Жазылған ақпарат тасымалдағыштарды ойнату
20.6	Жасанды және синтетикалық талшықтар өндірісі
22	Резеңке және пластмасса бұйымдарын өндіру
22.1	Резеңке бұйымдарының өндірісі
22.2	Пластмасса бұйымдарын өндіру
26	Компьютерлер, электронды және оптикалық жабдықтар жасау
26.1	Электрондық элементтер мен тақталар жасау
26.2	Компьютерлер мен перифериялық жабдықтар өндірісі
26.3	Коммуникациялық жабдықтар өндіру
26.4	Электрондық тұрмыстық техника өндірісі
26.5	Өлшеуге, сынауға, навигацияға арналған аспаптар мен құрылғылардың өндірісі; сағат жасау
26.6	Сәулелендіру, электромедициналық және электротерапиялық жабдықтар өндіру
26.7	Оптикалық аспаптардың, фото- және кино жабдықтарының өндірісі
26.8	Магниттік және оптикалық тасымалдағыштарды өндіру
27	Электр жабдықтарын өндіру
27.1	Электр қозғалтқыштарын, генераторларды, трансформаторларды өндіру және электр тарату және реттеу жабдықтарын өндіру
27.2	Батареялар мен аккумуляторлар өндірісі
27.3	Электр сымдары мен электр құрылғыларын өндіру
27.4	Электр жарығы жабдықтарының өндірісі
27.5	Тұрмыстық техника өндірісі
27.9	Басқа электр жабдықтарын өндіру
28	Басқа топтауларға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі
28.1	Жалпы мақсаттағы жабдықтар өндірісі
28.2	Жалпы мақсаттағы машиналар мен жабдықтарды өндіру
28.3	Ауыл шаруашылығы және орман шаруашылығы техникасының өндірісі
28.4	Металдарды өңдеуге арналған станоктар мен өзге де станоктардың өндірісі
28.9	Арнайы мақсаттағы өзге де машиналар мен жабдықтар өндірісі
29	Автомобильдер, тіркемелер және жартылай тіркемелер өндірісі
29.1	Автомобильдер өндірісі
29.2	Автомобильдерге арналған шанақтар өндірісі; тіркемелер мен жартылай тіркемелер өндірісі
29.3	Автомобиль бөлшектері мен оның керек-жарақтарының өндірісі
31	Жиһаз өндірісі
31.0	Жиһаз өндірісі
32	Өзге де дайын бұйымдар өндірісі
32.1	Зергерлік бұйымдар, бижутерия және ұқсас бұйымдар өндірісі
32.2	Музыкалық аспаптар өндірісі
32.3	Спорттық тауарлар өндірісі
32.4	Ойындар мен ойыншықтар өндірісі

Коды	Атауы
32.5	Медициналық және стоматологиялық құралдар мен керек-жарақтар өндірісі
32.9	Басқа топтамаларға енгізілмеген, өзге де дайын бұйымдар өндірісі
33	Машиналар мен жабдықтарды жөндеу және орнату
33.1	Дайын металл бұйымдарын, машиналар мен жабдықтарды жөндеу
33.2	Өнеркәсіптік машиналар мен жабдықтарды жинақтау, орнату
G	Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу
45	Автомобильдер мен мотоциклдердің көтерме және бөлшек саудасы және оларды жөндеу
45.1	Автомобильдер саудасы
45.11	Автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын сату
45.19	Басқа автокөлік құралдарын сату
45.2	Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
45.20	Автомобильдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
45.3	Автомобиль бөлшектерінің, тораптар мен керек-жарақтардың саудасы
45.31	Автомобиль бөлшектерінің, тораптар мен керек-жарақтардың көтерме саудасы
45.32	Автомобиль бөлшектерінің, тораптар мен керек-жарақтардың бөлшек саудасы
45.4	Мотоциклдерді, олардың бөлшектерін, тораптары мен керек-жарақтарының саудасы; мотоциклдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
45.40	Мотоциклдерді, олардың бөлшектерін, тораптары мен керек-жарақтарының саудасы; мотоциклдерге техникалық қызмет көрсету және жөндеу
46	Автомобильдер мен мотоциклдер саудасын қоспағанда, көтерме сауда
46.1	Сыйақы үшін немесе шарт негізінде көтерме сауда
46.11	Ауыл шаруашылығы шикізатын, тірі малды, тоқыма шикізатын және жартылай фабрикаттарды көтерме саудада сату бойынша агенттердің қызметі
46.12	Отын, руда, металл және химиялық заттардың көтерме саудасы бойынша агенттердің қызметі
46.13	Ағаш және құрылыс материалдарының көтерме саудасы бойынша агенттердің қызметі
46.14	Машиналарды, жабдықтарды, кемелер және ұшқыш аппараттарды көтерме саудада сату бойынша агенттердің қызметі
46.15	Жиһаз, тұрмыстық тауарлар, бекітпе және өзге де металл бұйымдарды көтерме саудада сату бойынша агенттердің қызметі
46.18	Басқа топтарға енгізілмеген тауарлардың жекелеген түрлерін немесе тауарлар топтарын көтерме саудада сатуға мамандандырылған агенттер қызметі
46.19	Түрлі ассортименттегі тауарларды көтерме саудада сату бойынша агенттердің қызметі
46.2	Ауыл шаруашылығы шикізатын және тірі малды көтерме саудада сату
46.21	Астық, өңделмеген темекімен, бидай және жануарларға арналған жемдерді көтерме саудада сату
46.22	Гүлдер мен басқа өсімдіктерді көтерме саудада сату
46.23	Тірі малдарды көтерме саудада сату
46.24	Тері және былғарыны көтерме саудада сату
46.4	Тұтыну мақсатындағы азық-түлік емес тауарларын көтерме саудада сату
46.41	Тоқыма бұйымдарын көтерме саудада сату

Коды	Атауы
46.42	Киімді және аяқ киімдерді көтерме саудада сату
46.43	Электр, радио тауарларын және телевизия жабдықтарын көтерме саудада сату
46.44	Қыш және шыныдан жасалған бұйымдар мен тазартқыш құралдарды көтерме саудада сату
46.45	Парфюмериялық және косметикалық заттарды көтерме саудада сату
46.46	Фармацевтикалық тауарларды көтерме саудада сату
46.47	Жиһазды, кілемдерді және жарықтандыру жабдықтарын көтерме саудада сату
46.48	Сағаттарды және зергерлік бұйымдарды көтерме саудада сату
46.49	Тұтыну мақсатындағы өзге де азық-түлік емес тауарларды көтерме саудада сату
46.5	Компьютерлерді және коммуникациялық жабдықтарды көтерме саудада сату
46.51	Компьютерлер мен шеткері компьютерлік жабдықтарды және бағдарламалық қамтуды көтерме саудада сату
46.52	Электронды және телекоммуникациялық жабдықтарды және олардың бөлшектерін көтерме саудада сату
46.6	Басқа машиналарды, жабдықтарды және олардың тетіктерін және құрал – саймандарын көтерме сату
46.61	Ауыл шаруашылығы техникасын, құрал-жабдықтарды және олардың тетіктерін және құрал – саймандарды көтерме саудада сату
46.62	Станоктарды көтерме саудада сату
46.63	Кен өндіру өнеркәсібіне және құрылысқа арналған машиналар мен жабдықтарды көтерме саудада сату
46.64	Тоқыма өнеркәсібіне, тігін және тоқу машиналарына арналған машина мен жабдықтарды көтерме саудада сату
46.65	Кеңсе жиһаздарын көтерме саудада сату
46.66	Өзге де кеңсе машиналары мен құрал-жабдықтарды көтерме саудада сату
46.69	Өзге де машиналар мен құрал-жабдықтарды көтерме саудада сату
46.7	Өзге де мамандандырылған көтерме саудада сату
46.71	Қатты, сұйық және газ тәрізді отынды және сол сияқты бұйымдарды көтерме саудада сату
46.72	Металды және металл рудаларын көтерме саудада сату
46.73	Ағаш материалдарын, құрылыс материалдарын және сантехникалық құрал-жабдықтарды көтерме саудада сату
46.74	Қапсырмалы металл бұйымдарды, су құбырын және жылытатын құрал-жабдықтар мен мүліктерді көтерме саудада сату
46.75	Химиялық өнімді көтерме саудада сату
46.76	Басқа аралық өнімдерді көтерме саудада сату
46.77	Қалдықтарды және сынықтарды көтерме саудада сату
46.9	Мамандандырылмаған көтерме саудада сату
46.90	Мамандандырылмаған көтерме саудада сату
47	Автомобильдер мен мотоциклдерді сатудан басқа, бөлшек саудада сату

Коды	Атауы
47.1	Мамандандырылмаған дүкендердегі бөлшек саудада сату
47.19	Мамандандырылмаған дүкендердегі өзге де бөлшек саудада сату
47.26	Мамандандырылған дүкендерде темекі өнімдерін бөлшек саудада сату
47.3	Мамандандырылған дүкендерде жанармайды бөлшек саудада сату
47.30	Мамандандырылған дүкендерде жанармайды бөлшек саудада сату
47.4	Мамандандырылған дүкендерде компьютерлер және коммуникациялық жабдықтарды бөлшек саудада сату
47.41	Мамандандырылған дүкендерде компьютерлер, перифериялық жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді бөлшек саудада сату
47.42	Мамандандырылған дүкендерде телекоммуникациялық жабдықтарды бөлшек саудада сату
47.43	Мамандандырылған дүкендерде аудио және бейнеаппаратураны бөлшек саудада сату
47.5	Мамандандырылған дүкендерде басқа тұрмыстық тауарларды бөлшек саудада сату
47.51	Мамандандырылған дүкендерде тоқыма бұйымдарын бөлшек саудада сату
47.52	Мамандандырылған дүкендерде бекітпе бұйымдарды, лак-бояу материалдарын және шыныларды бөлшек саудада сату
47.53	Мамандандырылған дүкендерде кілемдерді, кілем өнімдерін, сондай-ақ қабырға және еден жабындарын бөлшек саудада сату
47.54	Мамандандырылған дүкендерде тұрмыстық электр аспаптарын бөлшек саудада сату
47.59	Мамандандырылған дүкендерде жиһаз, жарықтандыру құрал-жабдықтарын және басқа тұрмыстық тауарларды бөлшек саудада сату
47.6	Мамандандырылған дүкендерде мәдени-ойын-сауық сипатындағы тауарларды бөлшек саудада сату
47.61	Мамандандырылған дүкендерде кітаптарды бөлшек саудада сату
47.62	Мамандандырылған дүкендерде газет, журнал және кеңсе тауарларын бөлшек саудада сату
47.63	Мамандандырылған дүкендерде аудио және бейнежазбаларды бөлшек саудада сату
47.64	Мамандандырылған дүкендерде спорт жабдықтарын бөлшек саудада сату
47.65	Мамандандырылған дүкендерде ойындар мен ойыншықтарды бөлшек саудада сату
47.7	Мамандандырылған дүкендерде басқа тауарларды бөлшек саудада сату
47.71	Мамандандырылған дүкендерде киім-кешектерді бөлшек саудада сату
47.72	Мамандандырылған дүкендерде аяқкиімді және былғары бұйымдарды бөлшек саудада сату
47.73	Мамандандырылған дүкендерде фармацевтикалық тауарларды бөлшек саудада сату
47.74	Мамандандырылған дүкендерде медициналық және ортопедиялық тауарларды бөлшек саудада сату

Коды	Атауы
47.75	Мамандандырылған дүкендерде косметикалық тауарларды және дәретхана жабдықтарын бөлшек саудада сату
47.76	Мамандандырылған дүкендерде гүлдерді, бөлме өсімдіктерін, тұқымдарды, тыңайтқыштарды, үй жануарларын және үй жануарларына арналған жемдерді бөлшек саудада сату
47.77	Мамандандырылған дүкендерде сағат және зергерлік бұйымдарды бөлшек саудада сату
47.78	Мамандандырылған дүкендерде жаңа тауарларды өзге де бөлшек саудада сату
47.79	Дүкендерде ұсталған тауарларды бөлшек саудада сату
47.8	Палаткалар, дүңгіршектер мен базарлар арқылы бөлшек саудада сату
47.82	Сауда палаткаларында, дүңгіршектерде және базарларда киімдерді, аяқ киімдерді және тоқыма өнімдерді бөлшек саудада сату
47.89	Палаткалар, дүңгіршектер мен базарлар арқылы өзге де тауарларды бөлшек саудада сату
47.9	Дүкендер, палаткалар, дүңгіршектер және базарлардан тыс емес бөлшек саудада сату
47.91	Тауарларды поштамен тапсырыс беру немесе Интернет желісі арқылы бөлшек саудада сату
47.99	Дүкендерден, палаткалардан, дүңгіршектерден немесе базарлардан тыс өзге де бөлшек саудада сату
Н	Көлік және жинақтау
49	Құрлық және құбырмен жүретін көліктің қызметі
49.1	Қалааралық қатынаста жолаушыларға арналған теміржол көлігінің қызметі
49.10	Қалааралық қатынаста жолаушыларға арналған теміржол көлігінің қызметі
49.2	Жүк теміржол көлігінің қызметі
49.20	Жүк теміржол көлігінің қызметі
49.3	Басқа құрлықтағы жолаушылар көлігінің қызметі
49.31	Қалалық және қала маңына құрлықтағы жолаушыларды тасымалдау жүретін көлігінің қызметі
49.32	Такси қызметі
49.39	Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де құрлықтағы жолаушылар көлігінің қызметі
49.4	Жүк автомобиль көлігінің қызметі және көшіру бойынша қызмет көрсету
49.41	Жүк автомобиль көлігінің қызметі
49.42	Көшіру бойынша қызмет көрсету
49.5	Құбыр көлігінің қызметі
49.50	Құбыр көлігінің қызметі
50	Су көлігінің қызметі

Коды	Атауы
50.1	Теңіз және жағалау маңындағы жолаушылар көлігінің қызметі
50.10	Теңіз және жағалау маңындағы жолаушылар көлігінің қызметі
50.2	Теңіз және жағалау маңындағы жүк көлігінің қызметі
50.20	Теңіз және жағалау маңындағы жүк көлігінің қызметі
50.3	Өзен жолаушылар көлігінің қызметі
50.30	Өзен жолаушылар көлігінің қызметі
50.4	Өзен жүк көлігінің қызметі
50.40	Өзен жүк көлігінің қызметі
51	Әуе көлігінің қызметі
51.1	Әуе жолаушылар көлігінің қызметі
51.10	Әуе жолаушылар көлігінің қызметі
51.2	Әуе жүк көлігі мен ғарыш көлігінің қызметі
51.21	Жүк әуе көлігінің қызметі
51.22	Ғарыш көлігінің қызметі
52	Жүктерді қоймаға қою және қосалқы көлік қызметі
52.1	Жүктерді қоймаға қою және сақтау
52.10	Жүктерді қоймаға қою және сақтау
52.2	Қосалқы көлік қызметі
52.21	Құрлықтағы көліктің қосалқы қызметі
52.22	Су көлігінің қосалқы қызметі
52.23	Әуе көлігінің қосалқы қызметі
52.24	Жүктерді көліктік өңдеу
52.29	Өзге де қосалқы көлік қызметі
53	Пошталық және курьерлік қызмет
53.1	Жалпы пайдалану қызметтерін ұсыну шеңберіндегі пошта қызметі
53.10	Жалпы пайдалану қызметтерін ұсыну шеңберіндегі пошта қызметі
53.2	Өзге де пошта және курьерлік қызмет
53.20	Өзге де пошта және курьерлік қызмет
I	Тұру және тамақтану бойынша қызметтер ұсыну
55	Уақытша тұру бойынша қызмет көрсету
55.1	Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызмет көрсетуі
55.10	Қонақ үйлердің және тұруға арналған ұқсас орындардың қызмет көрсетуі
55.2	Демалыс күндерінде және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдерінде тұрғын үй беру
55.20	Демалыс күндерінде және қысқа мерзімді тұрудың өзге де кезеңдерінде тұрғын үй беру
55.3	Кемпингтердің, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелердің қызмет көрсетуі
55.30	Кемпингтердің, автофургондарға арналған тұрақтар және тұруға арналған автотіркемелердің қызмет көрсетуі
55.9	Тұру үшін басқа орындармен қызмет көрсету
55.90	Тұру үшін басқа орындармен қызмет көрсету
56	Тамақ өнімдерімен және сусындармен қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету
56.1	Мейрамханалардың қызметі және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер

Коды	Атауы
56.10	Мейрамханалардың қызметі және тамақ өнімдерін жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтер
56.2	Дайын тағамды тапсырыспен жеткізу және қамтамасыз ету бойынша өзге де қызмет
56.21	Дайын тағамды тапсырыс бойынша жеткізу
56.29	Тамақпен қамтамасыз ету жөніндегі өзге де қызмет
56.3	Сусындар беру
56.30	Сусындар беру
J	Ақпарат және байланыс
58	Баспа қызметі
58.1	Кітаптарды, мерзімді басылымдарды басып шығару және баспа қызметінің басқа да түрлері
58.11	Кітаптар басып шығару
58.11.0	Кітаптар басып шығару
58.12	Анықтамалықтар мен мекенжай тізімдерін шығару
58.12.0	Анықтамалықтар мен мекенжай тізімдерін шығару
58.13	Газеттер шығару
58.13.0	Газеттер шығару
58.14	Журналдар мен мерзімді жарияланымдар шығару
58.14.0	Журналдар мен мерзімді жарияланымдар шығару
58.19	Баспа қызметінің өзге де түрлері
58.19.0	Баспа қызметінің өзге де түрлері
58.2	Бағдарламалық қамтамасыз етуді басып шығару
58.21	Компьютерлік ойындарды шығару
58.21.0	Компьютерлік ойындарды шығару
58.29	Басқа бағдарламалық қамтамасыз етуді басып шығару
58.29.0	Басқа бағдарламалық қамтамасыз етуді басып шығару
59	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығару, дыбыс жазу және музыкалық туындыларды басып шығару саласында қызмет
59.1	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығару бойынша қызмет
59.11	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығару бойынша қызмет
59.11.0	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығару бойынша қызмет
59.12	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығаруды аяқтау бойынша қызмет
59.12.0	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық бағдарламалар шығаруды аяқтау бойынша қызмет
59.13	Кино-, бейнефильмдер және телевизиялық фильмдерді тарату бойынша қызмет
59.13.0	Кино-, бейнефильмдер мен телевизиялық бағдарламаларды тарату қызметі
59.14	Кинофильмдерді көрсету қызметі
59.14.0	Кинофильмдерді көрсету қызметі
59.2	Дыбыс жазу және музыкалық туындыларды басып шығару саласындағы қызмет
59.20	Дыбыс жазу және музыкалық туындыларды басып шығару саласындағы қызмет
59.20.0	Дыбыс жазу және музыкалық туындыларды басып шығару саласындағы қызмет
60	Бағдарламалар жасау және телерадио хабарларын тарату қызметі
60.1	Радиохабар

Коды	Атауы
60.10	Радиохабар
60.10.0	Радиохабар
60.2	Телевизиялық бағдарламалар жасау және трансляциялау қызметі
60.20	Телевизиялық бағдарламалар жасау және трансляциялау қызметі
60.20.0	Телевизиялық бағдарламалар жасау және трансляциялау қызметі
61	Телекоммуникация
61.1	Сымды телекоммуникациялық байланыс
61.10	Сымды телекоммуникациялық байланыс
61.10.1	Бірыңғай тасымалдау ортасы арқылы мемлекеттік органдарға арналған сымды телекоммуникациялық байланыс
61.10.9	Басқа да сымды телекоммуникациялық байланыс
61.2	Сымсыз телекоммуникациялық байланыс
61.20	Сымсыз телекоммуникациялық байланыс
61.20.1	Бірыңғай тасымалдау ортасы арқылы сымсыз телекоммуникациялық байланыс
61.20.2	Телерадио хабаларарын таратудың ұлттық операторының желісі арқылы теле-, радиобағдарламалардың хабар таратуын ұйымдастыру
61.20.9	Басқа да сымсыз телекоммуникациялық байланыс
61.3	Спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет
61.30	Спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет
61.30.1	Бірыңғай тасымалдау ортасы арқылы мемлекеттік органдарға үшін спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет
61.30.2	Телерадио хабаларарын тарату мақсаттарына арналған спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет
61.30.3	Байланыс ұйымдарына арналған спутниктік телекоммуникациялар саласындағы қызмет
61.9	Телекоммуникациялар саласындағы басқа да қызмет
61.90	Телекоммуникациялар саласындағы басқа да қызмет
61.90.1	Интернет желісі арқылы телерадиобағдарламаларды тарату қызметі
61.90.9	Басқа топтарға енгізілмеген, телекоммуникация саласындағы басқа да қызмет
L	Жылжымайтын мүлікпен операциялар
68	Жылжымайтын мүлікпен операциялар
68.2	Жеке немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару
68.20	Жеке немесе жалға алынған жылжымайтын мүлікті жалға беру және басқару
M	Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет
69	Құқық және бухгалтерлік есеп саласындағы қызмет
69.1	Құқық саласындағы қызмет
69.10	Құқық саласындағы қызмет
70	Бас компаниялардың қызметі; басқа мәселелері бойынша кеңес беру
70.2	Басқару мәселелері бойынша кеңес беру қызметі
70.22	Коммерциялық қызмет мәселелері бойынша кеңес беру және басқалар
71.20.9	Техникалық сынаулар мен талдауды жүзеге асыратын өзге де мекемелердің қызметі
73	Жарнама қызметі және нарық конъюнктурасын зерттеу
73.1	Жарнамалық қызмет
73.11	Жарнама агенттіктерінің қызметі
N	Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет
77	Жалдау, прокат және лизинг
77.3	Өзге де машиналарды, жабдықтар мен материалдық активтерді жалдау және лизинг
77.35	Әуе көлігі құралдары мен жабдықтарын жалдау және лизинг
79	Туристтік агенттіктер мен операторлардың қызметі, брондау және ілеспе қызмет

Коды	Атауы
79.1	Туристік агенттіктер мен операторлардың қызметі
79.11	Туристік агенттіктердің қызметі
79.12	Туристік операторлардың қызметі
P	Білім беру
85	Білім беру
85.1	Мектепке дейінгі білім беру
85.10	Мектепке дейінгі білім беру
85.2	Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)
85.20	Бастауыш білім беру (1-ші деңгей)
85.3	Орта білім беру (2-ші және 3-ші деңгейлер)
85.31	Негізгі және жалпы орта білім беру
85.32	Техникалық және кәсіптік орта білім беру
85.4	Жоғарғы білім беру (5-ші, 6-шы 7-ші, 8-ші деңгейлер)
85.41	Орта білімнен кейінгі білім беру
85.42	Жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру
85.5	Білім берудің басқа түрлері
85.51	Спорт және демалыс саласындағы білім беру
85.52	Мәдениет саласында білім беру
85.53	Көлік құралдарын жүргізушілерді дайындау мектептерінің қызметі
85.59	Басқа топтарға кіргізілмеген, білім берудің басқа да түрлері
85.6	Білім беру саласындағы қосалқы қызмет
85.60	Білім беру саласындағы қосалқы қызмет
Q	Денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету
86	Денсаулық сақтау саласындағы қызмет
86.1	Аурухана ұйымдарының қызметі
86.10	Аурухана ұйымдарының қызметі
86.2	Дәрігерлік практика және стоматология саласындағы қызмет
86.21	Жалпы дәрігерлік практика
86.22	Арнайы дәрігерлік практика
86.23	Стоматологиялық қызмет
86.9	Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет
86.90	Денсаулық сақтау саласындағы өзге де қызмет
R	Өнер, ойын-сауық және демалыс
90	Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет
90.0	Шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласындағы қызмет
90.04	Концерттік және театр залдарының қызметі
93	Спорт, демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыру саласындағы қызмет
93.1	Спорт саласындағы қызмет
93.13	Фитнес-клубтардың қызметі
95	Компьютерлерді, жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу
95.1	Компьютерлер мен байланыс жабдықтарды жөндеу
95.2	Жеке пайдаланатын заттар мен тұрмыстық тауарларды жөндеу
S	Көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін ұсыну
96	Өзге де жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну
96.0	Өзге де жеке көрсетілетін қызметтерді ұсыну
96.01	Тоқыма және былғары бұйымдарын жуу және (химиялық) тазалау
96.02	Шаштараздардың, сұлулық салондарының көрсетілетін қызметтерді ұсынуы
96.04	Физикалық жайлылықты қамтамасыз ету қызметі